

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 4-15 сәуір, 2016 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 11-13 сәуір, 2016 жыл



III МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 4-15 апреля 2016 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 11-13 апреля 2016 года



III INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 4-15 April, 2016

MATERIALS

of International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMİ»

Almaty, Kazakhstan, 11-13 April, 2016

Ғылыми редактор:
ф.ғ.к., доцент **Медеубек С.**

Жауапты редактор:
ага оқытушы **Дәуренбекова А.А.**

Жинақ хатшылары:
Жұртбай Н., Сапарходжаева Н., Тілепберген А.

Студенттер мен жас ғалымдардың «III Фараби оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 11-13 сәуір 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 136 б.

ISBN 978-601-04-1787-8

Жинаққа студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми конференцияның тезистері енгізілген.

Қазақ интернетінде рухани құндылықтардың насиҳатталуы

Алматай О.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми жетекшісі: ага оқытушы Әлімжанова А.Б.

Рухани құндылық – әлеуметтік танымның өлшемі. Ол адамзат баласын өз салт-дәстүрін қарастыруға, бабалар мұрасын дәріптеуге, өткен тарихты сараптай білуге үйретеді.

Қазіргі таңда ғаламтор беттерінде рухани құндылықтарды дәріптеу басты назарда. Жастар бүгінде adebietsportal.kz, el.kz, kitap.kz, massaget.kz, shyn.kz, abai.kz секілді сайттарды белсенді оқыды. Осылардың ішінде ҚР Мәдениест және Акпарат министрлігінің қолдауымен құрылған «Әдебиет порталы» ерекше айта аламыз. Сайт негізінен 4 бағытта жұмыс жасайды. «Оқыныш», «тыңдаңыз», «қатысыңыз», «көріңіз».

«Оқыныш» бөлімінде авторлық кітаптар, балалар әдебиеті, кітаптар рейтингі, аудармалар, түрлі жанрдағы шығармалар беріледі. Оқырмандар аталған бөлімді оқи отырып, жан сарайын байыта алады. Ал, келесі бағытта күйлерді, батырлар жырын, «қазақтың 100 әнін», термелерді, аудио-пәннен оның тиражын сараптай аласыз. Мұнда бабалар мұрасымен таныса отырып, таным-түсінігіндегі көңіл-кеңілдіктердің тиражын сараптай аласыз.

«Қатысыңыз» бөлімі тікелей жастарға арналған. Олай дейтін себебіміз, ашық мінбер, онлайн конференция, «поэзия, менімен егіз бе едің?», аударма, хаттар тармақтары арқылы жарысқа қатысып, шеберлігін шындауды. Көріңіз! Бұл бағытта фильмдерді, бейнепоэзияны, иллюстрацияны, инфографиканы тамашалай аласыз.

«Оқы және тұлға бол» жобасында, елімізге белгілі қоғам қайраткерлерінің өмір жолымен танысуға болады. Осы жоба арқылы әдебиет порталы қоғам дамуына елеулі үлес косып отыр. Казіргі «жедел ақпарат» ғасырында оқырмандарға сапалы дүние ұсына отырып, жастардың арасында рухани құндылықтарды насиҳаттайтын сайттардың болғаны көңіл қуантады.

Қазақ публицистикасының тарихи жолы

✓ Арын Е.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ғылыми жетекшісі: филол.г.к., доцент Өзбекова Г.С.

Публицистика немесе көсемсөз (А.Байтұрсынов, «Әдебиет танытқыш») – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті өткір мәселелерді қозғайтын саласы. Бүгінгі таңдағы дамыған публицистика бірден пайда бола қойған жоқ.

ХХ ғасыр ел есінде ауыртпалықтарымен есте қалғаны рас. Бұл ғасырда не болмады – ашаршылық, төңкеріс, соғыс, реформа. Кейін тәуелсіздіктің алғашқы жылдары – бәріде болды. Яғни публицистика қозғайтын такырыптар көп болды. Токырау жылдары, көтерілістер мен оқу-білім мәселесі публицистер шығармашылығына түрткі болды.

А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бекіханов, М.Жұмабаевтардан кейін Ә.Нұршайықов, Б.Бұлқышев, К.Смайылов, С.Бердіқұлов, Ш.Мұртазалардың публицистикасын атап өткім келеді. Осы уақытқа дейін аталған жазушылардың туындыларымен жақын танысып, ХХ ғасыр өмірін, публицистика жанрын жақсы түсіндік деп ойлаймын. Олар бір ғана кейіпкердің оқиғасын баяндай отырып, бүкіл қоғамның тыныс тіршілігін жеткізген. Мысалы, Ә.Нұршайықовтың очерктерін алсақ, нақты фактілердің негізінде бірнеше жағдайларды көрсеткен. Егіншілік, оқу-білім, жастар жайын көп қозғаған. Патриот, еліне бір пайдалы іс жасаған азаматтарды үлгі стіп көрсеткен.

Көсемсөз халықтың рухын көтерстін ұшқыр да уытты қөркем тілмен жазылады, көпшілікті иғі іске шақырады, бір мақсатқа жұмылдырады.

Соғыс жылдарындағы халықтың күйі мен жауынгерлердің жағдайын өз шығармаларында суреттеген Баубек Бұлқышев, Шерхан Мұртаза, Бауыржан Момышұлы, Әзілхан Нұршайықовтарды атап етсек болады. Б.Бұлқышевтің «Шығыс ұлына хаты», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», «Қызыл жебе», Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңызы» сүм соғыстың халыққа экелген қындықтарын суреттеп, жауынгерлердің рухын көтерді, патриот жандарды насиҳат етті.